

Шалқар ауданы бойынша 2011 жылға біржолғы талондардың құнын белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысының Шалқар аудандық мәслихатының 2011 жылғы 28 сәуірдегі № 267 шешімі. Ақтөбе облысы Шалқар ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 23 мамырда № 3-13-151 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2011 жылғы 23 желтоқсандағы № 318 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2011.12.23 № 318 Шешімімен.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 6 бабы 1 тармағы 15 тармақшасы, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 100-IV «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексі (Салық Кодексі) қолданысқа енгізу туралы Заңының 36 бабының 6 тармағына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ Е Т Е Д І :**

1. Шалқар ауданындағы жұмыс жасап тұрған базарлардағы сауда жасаушыларға бір жолғы талонның құны 1 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Қызметі эпизодтық сипаттағы жеке тұлғалар үшін Шалқар ауданы бойынша кәсіпкерліктің түрлеріне байланысты бір жолғы талондардың құны 2 қосымшаға с ә й к е с б е л г і л е н с і н .

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2011 жылдың 1 қаңтарынан басталған құқықтық қатынастарға таралсын.

*Аудандық мәслихаттың
сессия төрағасы
С.Мендигаринов*

*Аудандық мәслихаттың
хатшысы
С.Тулемисов*

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т ы н ы ң
2 0 1 1 ж ы л д ы ң 2 8 с ә у і р і н д е г і
№ 267 шешіміне 1 қосымша

Шалқар ауданындағы жұмыс жасап тұрған базарлардағы сауда жасаушыларға бір жолғы талонның құны

--	--	--

р/с	Сатылатын тауарлар түрі	Бір күнге бір жолғы талон құны (теңге)
1	Азық-түлік тауарлары	100
	1. Азық-түлік тауарлары (жеміс-жидектер, балықтар, сүт өнімдері)	100
	2. Қолдан алып-сату	100
	3. Сөреде және шатырда сату	100
	4. Жеңіл машинада сату	100
	5. Жүк көліктерінде сату	100
2	Сөрелерде ет өнімдерін сату	200
3	Өнеркәсіп тауарлары	100
	1. Қолдан алып- сату	100
	2. Сөреде және шатырда сату	100
	3. Жеңіл машинада сату	100
	4. Жүк көліктерінде сату	100
4	Автобөлшектер саудасы	100
5	Жануарлар саудасы, оның ішінде:	
	1. Ірі-қара мал сату	130
	2. Ұсақ мал сату	70
6	Құс сату	70

Ескерту: Бір жолғы талон құны жабық базарларда келісім-шарт арқылы жалға орын алған кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке кәсіпкерлерге жіберілмейді.

А у д а н д ы қ

2 0 1 1

ж ы л д ы ң

2 8

м ә с л и х а т ы н ы ң

с ә у і р і н д е г і

№ 267 шешіміне 2 қосымша

Қызметі эпизодтық сипаттағы жеке тұлғалар үшін Шалқар ауданы бойынша кәсіпкерліктің түрлеріне байланысты бір жолғы талондардың құны.

р/с	Кәсіпкерлік қызмет түрі	Бір күнге бір жолғы талон құны / теңге/
1	Дәнді-дақылдар, көшеттер және көшеттер отырғызуға арналған ыдыстарды сату	100
2	Бақша өнімдерін сату	100
3	Жеке тракторларын жер койнауын өңдеп алу үшін жалға өткізу	100
4	Үйлер үшін өсірілген тірі гүлдерді өткізу	100
5	Ауыл-шаруашылық мақсатында өсірілген бау-бақша өнімдерін өткізу	100
6	Үй жануарларын бағу, оның ішінде:	
	1. ірі-қара сиыр бағу	30
	2. қой, ешкі бағу	20
7	Орман жидегін сату	100

Ескерту: Бір жолғы талон құны жабық базарларда келісім-шарт арқылы жалға орын алған кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке кәсіпкерлерге жіберілмейді

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК